*The power supply specialist*

**ROBITON®**

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
SmartCharger IV
Әмбебап зарядтау құрылғысы

**www.robiton.ru**

**Robiton зарядтау құрылғысын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз!**

## Сипаты

Фото және бейнекамераларға, MP7 плейерлерге, мобильді телефондар мен ойыншықтарға арналған Li-ion/ Li-pol аккумуляторлық батареяларды, 1-2 NIMH/ NICd AA және AAA өлшемді аккумуляторларды, 1-2 Li-ion 18650, 14500, 18500, 16340(RCR 123A) өлшемді аккумуляторларды зарядтайтын әмбебап зарядтау құрылғысы. Фото- және бейнекамераларға, MP4 плейерлерге және мобильді телефондарға арналған кернеулері 3,4-3,7В және 7,2-7,4В барлық ескі, заманауи және болашақ батареяларды зарядтайды. USB құрылғыларды зарядтауға арналған USB шығысы бар. 100-240В желіден және 12В автомобильдік темекі тұтақыштан жұмыс істейді, адаптерлер жиынтықта.

**Ерекшеліктері:**
аккумуляторлық батареяларды орнатудың ерекше әдісінің арқасында бір зарядтау құрылғысымен әртүрлі батареяларды зарядтауға болады, қосымша қапсырмалар қажет емес
- зарядтау процесіне бірегей микропроцессорлық бақылау және қадағалау
- 3,6-3,7В/7,2-7,4В батареялар үшін және NIMH /NiCd аккумуляторлар үшін полярлықты және кернеуді автоматты түрде анықтау
- автоматты түрде сөндірілетін жылдам зарядталу
- жарамсыз батареяларды анықтау
- қайта полюстаудан қорғаныс, қайта зарядтаудан қорғаныс және қауіпсіздік таймері (10 сағ)
- USB құрылғыларға арналған USB шығыстың бар болуы
- зарядтау уақыты 1 сағаттан бастап (аккумуляторлық батарея сыйымдылығына байланысты)
- ықшам өлшем және небары 80 гр шағын салмақ
- бүкіл әлемде пайдалану мүмкіндігі (100-240В)
- автомобильде пайдалануға болады

## ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Зарядтау құрылғысын желіге немесе автомобильдік аккумуляторға қосыңыз. Құрылғы бірден жұмысқа дайын.
**2. Призмалық Li-ion аккумуляторларды қалай қосуға болады?**
2.1. Сіздің батареяңыздың оң және теріс түйіспелік шығыстарын анықтаңыз.
Барлық аккумуляторлық батареяларда кем дегенде 2 түйіспелік шығысы бар. Оң және теріс түйіспелер батареяны зарядтау үшін маңызды болып табылады, әдетте, олар «+» және «-» деген тиісті таңбалармен белгіленген. Батареяның полярлығы және кернеуі құрылғымен автоматты түрде анықталады.
2.2. Серіппелі механизмді арт қарай тартып, батареяны зарядтау құрылғысына орнатыңыз. Батареяның түйіспелік шығыстары зарядтау құрылғысының қалқыма түйіспелерінің жағына бағытталуы тиіс. Батареяны төрт әртүрлі тәсілмен орнатуға болады - 1-сур. қар.



Орнату    Бекіту



**1-сур.**

2.3. Зарядтау құрылғысының қалқыма түйіспелерінің жайғасымын батареяның түйіспелік шығыстарымен беттесетіндей етіп реттеңіз. Назар аударыңыз! Қалқыма түйіспелерді ұстау сақтық танытуды қажет етеді.
2.4. Қалқыма түйіспелерді басып, батареяны зарядтау құрылғысында бекітіңіз. Бұл ретте аккумуляторлық батарея құрылғының бетінде міндетті түрде жатпай, серіппелі механизммен бекітілген болуы мүмкін.
3. **Цилиндрлік аккумуляторларды орнату.**
Серіппелі механизмді артқа қарай тартыңыз және батареяны немесе батареяларды зарядтау құрылғысындағы ұңғылға орнатыңыз. Батареялардың түйіспелері құрылғының түйіспелік шығыстарымен беттесетініне көз жеткізіңіз.



**Үлкен өлшемді батареяларды,** соның ішінде 18650, 14500, 18500, 16340 (RCR 123A) өлшемді Li-ion аккумуляторларды орнату.
Үлкен өлшемді батареяларды орнату үшін, құрылғы корпусының жоғарғы бөлігін артқа қарай ТІРЕЛГЕНШЕ тартыңыз және батареяларды қойыңыз.
4. Егер батарея дұрыс қосылған болса, бірден зарядтау процесі баталады, «ЗАРЯД» жарықдиоды жасыл түспен жыпылықтай бастайды.
5. Аккумуляторлық батарея толық зарядталғанда немесе зарядтау процесі таймермен тоқтатылатын болса (10 сағ. кейін), зарядтау құрылғысы зарядты кіші токпен қолдау режиміне (trickle charge) автоматты түрде ауысады. «ЗАРЯД» жарық индикаторы жасыл түспен жанады. Аккумулятор жұмысқа дайын, бірақ құрылғыға қосылған күйде шектеусіз уақыт қалуы мүмкін. ТОлық арядталуға кепілдік беру үшін батареяны құрылғыда кем дегенде тағы 30 минутқа қалдыру ұсынылады.
6. Құрылғыны желіден ажыратыңыз, аккумуляторды алып шығыңыз.

## Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық:

1. Құрылғыны тек қана үй-жайда немесе автомобильде пайдаланыңыз, оны ылғал жерде немесе жаңбырдың астында қалдырмаңыз.
2. Егер құрылғы пайдаланылмайтын болса, оны қуат беру желісінен ажыратып жүріңіз.
3. Бұзылған жағдайда желіге қоспаңыз.
4. Құрылғыны бөлшектемеңіз.

**Назар аударыңыз!** Зарядтау барысында батареялар қызуы мүмкін. Бұған рұқсат етілген және ол техникалық ақау болып табылмайды.

## Техникалық сипаттамалары:

**Кіріс:** 100 -240В ~ 50/60Гц, 12В DC
**Зарядтау тогы**
Li-ion: 4,2-4,3В - 600м
Li-ion: 8,4-8,6В - 600мА
Ni-MH/Ni-Cd:
AA және AAA 2х1,4В - 600мА
**USB шығысы:** 5,25В DC 500мА

## Li-Ion батареялармен жұмыс істеу бойынша кеңестер

1. Алғашқы пайдаланар алдында аккумуляторлық батареяларды зарядтау қажет. Батарея өзінің номинал сыйымдылығына жетуі үшін оны бірнеше рет тізбекті разрядтау және зарядтау қажет.
2. Егер сіз құрылғыны (мысалы, фотоаппаратты) ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, аккумуляторды алып қойыңыз.
3. LI-Ion батареяларды разрядталған күйде сақтау қажет. Аккумуляторлық батареяларды әр 6 ай сайын зарядтау және разрядтау ұсынылады.
4. Аккумуляторлық батареялар шығын материал болып табылады және сыйымдылығы елеулі түрде азайғанда ауыстырылуға жатады.
5. Зарядтау барысында батареялар қызуы мүмкін. Бұған рұқсат етілген және ол техникалық ақау болып табылмайды.
6. Аккумуляторлық батареяны төмендеген немесе жоғарлаған температуралардың әсеріне, соққыларға, физикалық әсер етуге, ылғалдың, ластың, шаңның әсер етуіне ұшыратпаңыз. Қысқартпаңыз, дәнкерлемеңіз, бөлшектемеңіз, отқа лақтырмаңыз. Батареяларды зарядтау үшін тек қана арнайы зарядтау құрылғыларды пайдаланыңыз,

### *Жарықдиодтардың көрсеткіштері*

| Зарядталу - жасыл жарықдиод | Желі - қызыл жарықдиод | Процесс |
|---|---|---|
| Сөндірулі | Сөндірулі | Қуат жоқ |
| Жанып тұр | Жанып тұр | Батарея толық зарядталған |
| Жыпылықтап тұр | Жанып тұр | Зарядтау процесі орындалуда |
| Жанбай тұр | Жанып тұр | 1. Батарея қате қойылған<br>2. Батарея ақаулы |
| Жыпылықтап тұр | Жыпылықтап тұр | 1. Зарядтау процесі таймермен үзілді (сағат 10 өткеннен кейін).<br>2. Батарея толық зарядталуы мүмкін емес.<br>3. Батарея жарамсыз. |

4782364